




# А Й М А Н

Үш акт, 5 картиналы

*(Либретто)*



ОЙЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР:

1. Жарас
2. Әлібек
3. Арыстан
4. Айман
5. Шолпан
6. Маман
7. Шешесі
8. Көтібар
9. Тенгес
10. Жантық
11. Балпық
12. Әзбек
13. Қойшы
14. Шал
15. Қыз-келіншектер, боз балалар және  
басқалар.

## I АКТ

### 1-картина

Той болғалы жатқан салтанатты Шөмекейдің ауылы. Екі жакта тігіліп жаткан үлкен үй. Жарас қыз-келіншектердің арасында.

**Ж а р а с**

Ой, Шөмекейдің тойы бар,  
Елді жинал құрган думан-ай.  
Ал енді жиып өн шырқайды,  
Жиында тола берсін өкпе сайын  
Басталсын осыменен тойбастарым,  
Қызықтан қызық ассын салған сайын.  
Шөмекей жайлайуында шандыр аттай  
Іркіліп отыра ма өрлей шаппай,  
Жадырайын ауыз жашпай.  
Арыстан Маман қызын көргелі жүр,  
Әлібек о да көмбे кемгелі жүр.

**Ә л і б е к**

Батыр мырза, жол болсын.

**А р ы с т а н**

Жол кумак сізден болсын.

**Ә л і б е к**

Мәссаган мен де өзіндей жолаушымын.  
Жол кумак менде неден болсын.

**А р ы с т а н**

Тас қыратар кезінде кездесіппіз,  
Бір түйін бір тілекті мекзесіппіз,  
Текедей тіресудің жөні болмас.

**Х о р**

Онысы рас.

**Ә л і б е к**

Бөрекелде нетеміз біз етесін,

**Х о р**

Етеспендер.

**А р ы с т а н**

Үстіме баса кепсің мұның қалай,  
Кем бе еді менде сенен-ау бақ пен талай?

**Әлібек**

Қайтесің күшінді айтып, билік айтсын,  
Онан да мынау тұрған топ жағалай.

**Арыстан**

Ендеши, Жарас айтсын ара ағайын.

**Әлібек**

Мақұл-ақ мен өзгені қаламаймын.

**Жарас**

Қой жаным, жай-жапсарың маған мәлім,  
Өттес жарлық білекке жарамай

**Хор**

Ой, Жарас сен айтқаның мақұл Жарас  
Ақтарып бер араларын-араларын.

**Жарас**

Ендеши, қыз да адамның баласы гой  
Өзі айтсын екеуіңден қалағанын.

**Арыстан**

Қыз айтса бай деп бұған жан баспайды,  
Бағыма қызды еліртіп бәйге етпеймін.

**Әлібек**

Батыр деп бұған қарай жан баспайды,  
Тең етіп қызды биге баламаймын.

**Арыстан**

Түсетін шабындыда ол бір байтал,  
Нарқымнан неге асырып бағалаймын.

**Хор**

Оның мақұл батыр. (2 рет.)

**Әлібек**

Жылқы еді қыздың байы ежелгіден,  
Би етіп табынуды қаламаймын. (4 рет.)

**Хор**

Біздің мырза қаламайды. (2 рет.)

**Жарас**

Мырзалар арам тер бол таласпандар,  
Боларын қайдан білдің қыз кімдікі. (4 рет)

**Арыстан**

Алдымен бұрын келген жол менікі,  
Жөн білген бұны теріс демес еді. (4 рет.)

**Әлібек**

Жетіру менің елім, жол менікі,  
Кисыны болар жөн-жөн, жол сенікі. (2 рет.)

### **X о р**

Ар батырдікі – батырдікі,  
Ал, мырзанікі – мырзанікі.

### **Ж а р а с**

Бірің өл, бірің қал да маган десен,  
Коймадың қой десем де есаландар, есаландар. (4 рет.)

### **А р ы с т а н**

Ең жақсысын мен аламын болсан да жау. (4 рет.)

### **Ә л і б е к**

Жол бермеймін кеудемде, сірө, тұрса,  
Бұл басым сау, бұл басым сау. (4 рет.)

### **X о р**

Әр киястан кисыны жоқ егесken жау,  
Батыр ал, ең жақсысын болсан да жау. (4 рет.)  
Әли мырза, ал ең жақсысын жол берменіз.  
Кеудеде, сірө, тұрса бұл басын сау.

### **Ж а р а с**

Есаландар ойбай-ау,  
Есаландар ойбай-ау.

### **А й м а н**

Жарасжан, топ жігіттер, сіздер кімсіз?  
Мырзалар -- мырзалар.  
Білмедік жөн сүрадың айып бізден,  
Боз бала – боз бала.

### **Б а л п ы к**

Жасытты-ау перім, ендеше, Арыстанын,  
Жерге тыққан жебейдей алысқанын.  
Сымбаты мен қайраты тендей болып,  
Үлкен сый біле білсең, Айман жан-ау,  
Қалқам-ау, табысқанын.  
Майданда жеңген ер Арыстан,  
Жау десе ол карысқан  
Асып тұған атадан Арыстан  
Данышпаным, данышпаным.

### **Ш о л п а н**

Батырын олай болса алсам ба екен,  
Сол байдан қол үзіл-ақ қалсам ба екен.  
Алажан, қалай дейсің,  
Бұл қунде бір оқ болған батыр күні,

Сондықтан бай ұлына барсам ба екен,  
Апажан, қалай дейсің.

**Ж а н т ы к**

Ау, кімнен төмен болыпты Әлібегім,  
Әрі бағлан, әрі бай, қалқам-ау, салтанатты  
Киядан жемін тауып, қыран ұстая,  
Ойлама өлде кім деп өлім берім.

**А й м а н**

Қанекей қайсынымыз кімге ұнадық,  
мырза мен батырын,  
Сізден де енді жөнді айырайында,  
Мырзам-ау, мырзам-ау,  
Сіз-дағы тіл қатыңыз, асыл батыр,  
замандас, замандас  
Көзіңіз кімнің түсті шарасына,  
Асыл батыр, замандас.

**А р ы с т а н**

Әттең, дүние жалған ай,  
Екеуін бірдей алар мед,  
Қалмас еді-ау арман-ай.

**Ә л і б е к**

Көрсін жұрт Әлібектің мырзалығын,  
Жасынам міне сенде бас ұрган.  
Аламын бермеймін де барды саған,  
Тіпті де ылайық емес жарысқаның  
Міне, Жарас, көрімдігі берген  
Осы менің мырзалығым.

**Ш о л п а н**

Анда жасап жүрген машығы ғой  
Шынын айтты бұл жігіт енді қайтын замандас. (3 рет.)  
Қыздар да артық сүйгені саудасы ғой  
Сауданы айтпай алдымен несін айтсың замандас. (3 рет.)

**А й м а н**

Жарық, қылған мұндаидай дәурен көрген бар ма,  
Бір күйеу екі қызда келген барма,  
Таңдамай тізіп қана алып кетпек,  
Мұндауда көңіл пейіл берген барма.

**Х о р**

Ақау, қызды көрсін, бізді көрсін  
Есалаң ал мырзага сен недерсің.

**А й м а н**

Тойында Шемекейдің кездесерміз,

**Ш о л п а н**

Сол жерге қайын боп кел, қалма арманда.

**Х о р Ахай,** қыздар білсін, олар бысін.

Сонымен анқау жігіт қала берсін.

**Ж а р а с**

Ал мырза, шыңына баттың ойдың

Мынаны айт қай қызына көңіл қойдың?

**А р ы с т а н**

Жөнінді айт, олай болса кімді аласын?

**Ә л і б е к**

Сен айтшы ниет қылдың қай баласын?

**А р ы с т а н**

Жоқ, сен айт ыңғайынды байқап көрем.

**Ә л і б е к**

Жоқ, сен айт мұны тағы қайталайсың.

**А р ы с т а н**

Сен айтпасаң айтпаймын ол да онбаймын,

Осы сөзде тас болып мен қаламын. (2 рет.)

**Ә л і б е к**

Рахмет, ендеши, жол беріпсің,

Тілегенім Айман еді соны аламын. 2 рет.

**А р ы с т а н**

Жоқ менде бермен Айманды,

Менен асырмайсың айланды.

**Ә л і б е к**

Жоқ алмай қоймаймын Айманды мен,

Тартынбаспын келген керден.

**А р ы с т а н**

Жарас-ау, қайсы Айман, қайсы Шолпан,

Әуелі соны білген емес екен, емес екен.

**Ж а р а с**

А, Айманның он жағында Шолпан болар

Шолпанның он жағында Аймандағы.

**А р ы с т а н**

Енді білдім, білдім бәрін, бәрін білдім.

Он жағында Айман болды,

Сол жағында Шолпан болды,

Сол жағында Айман болса,

Он жағында Шолпан болады.

### **Әлібек**

Жарас-ау, қайсы Айман, қайсы Шолпан,  
Өзелі соны білген емес екен, емес екен.

### **Жрас**

А, Айманның оң жағында Шолпан болар,  
Шолпанның оң жағында Айман, Айман-дағы

### **Әлібек**

Енді білдім, бәрін білдім,  
Енді білдім, бәрін білдім  
Айманның оң жағында Шолпан болар. (2 рет)  
Шолпанның оң жағында Айман болады.

### **Жрас**

Сен де білдің, әбден бәрін білдің, бәрін.  
Ай Шөмекейдің тойы бар  
Елді жиган, құрған думан.  
Ал енді, енді он шырқайын,  
Жиынга тола берсін олке сайың  
Басталсын осыменен той бастарым,  
Қызыққа қызық ассын салған сайын.  
Шөмекей жайланауда шандыр аттай,  
Іркіліп отырам ба өрлең шаппай.  
Шақырайын ауыз жаппай.

### **Шөмекейдің хоры**

Жарас-ау, бұл пәлені қайттік енді,  
Сабыр жоқ, сағат та жоқ·азды кемді  
Екі жақтан екеуі қызып жатыр,  
Түйгүндай боп, қан көрген жемді.  
Жалғыз үй қайсысына жетер мұның,  
Егесед жоқтағандай ердің құның.  
Бір Көтібар, бір Маман қос қызыл көз,  
Бірі пұлдар шоқпарын, бірі пұлдын  
Жарас-ау, есебін айт, қисынын тап,  
Қисынын тап, Жарас-ау, есебін тап.

### **Жрас**

Енді бізден бәрібір ел кетті,  
Бар нөкері қасына еріп кетті.

### **Хор**

Енді бізден бәрі бір ерік кетті,  
Сөудегер қасына еріп кетті.

### Ж а р а с

Немснем бар бай екем-ау,  
Бір өзіңнен аярдай,  
Отыр едік мына үйде-ау  
Баста сізге дағрлап-ау,  
Кетібардай долы шықты,  
Алам деп тұр осы үйді.  
Бізге қысым таянды-ай,  
Қайттік енді осыны-ау,  
Әңгір таяқ ойнатар,  
Кек жал батыр егесіп,  
Бір мұсайға мініп. (2 рет.)  
Кепке пәле жапқандай.

### М а м а н

Бермеймін, өзім түсем, неге шығамын,  
Ұстаса карсыына мен шығамын  
Қалжак, сүймеймін,  
Жолымды бермеймін  
Әулие болсын.  
Ондейлық өзімпен де жол табылар,  
Келемін құп алудың істеп қамын.  
Қалжақты сүймеймін  
Қолымы бермеймін  
Әулие болса да.

### Ш о л и а н

Жарас-ау, сонді топты көрмейсің бе,  
Сыбага құдаларға бермейсің бе,  
Жарас-ау, тұрма қарап-ай.

### А й м а н

Мырзатар, орын міне, кош келіпсіз-ай.

### Ш о л и а н

Жалғыз-ақ Айман десең бос келіпсін.  
Сонда да жоғары шық-ай.

### Ә л і б е к

Іздегенім рас сөз сұлу Шоллан,  
Қанғып шықкан сен едін күйкентайдан  
Шыға қалды қигаш сөз әпкенізден,  
Мен емеспем дәмелі Шолпанжан —  
Мен айтайын, ендсіш, мезгіл сайын, құлаш жайған,  
Шалқып жатқан бұл дәурен айдындағын,

Дәме қылып сен ақку, біз түрән біз  
Батыр ем деп мен недейін.  
Айман-ай, сенем -ай,  
Құлақ сал, Шолпан-ай.

**Ш о л п а н**  
Асқақ сөзді, ендеше, мен шенейін-ай,  
Табылмас деп ойлама бізге белім,

**Б а л п ы қ**  
Батырдың Арыстандай айтсам жайын,  
Жау жылап, ел қуанған жортқан сайын.

**Ә л і б е к**  
Деген бол батыр, батыр хан көтеріп,  
Қажытты құлағымды сол сасытты.

**А р ы с т а н**  
Бар, Жарас, хабарын айт батырга онда,  
Кашаннан егескеннен ол тойғанба-ай.

**Ж а р а с**  
Ойбай, келе жатыр Көтібар,  
Қаны қашып барын шашып-ай,

**Х о р**  
Уа, Котеке, сізге арналап-аяу,  
Тігіп едік мынау үйді-аяу,  
Бай Маман кеп тартып ап-аяу  
Кетірді гой сол күйді,  
Тағы бір оқ доп тиді.  
Маман қызын Арыстан-аяу  
Ниет қып ет егес бол,  
Бұл да қырсық, бол тиді -аяу.  
Алам деген Айманға  
Бай Әлібек шұқшиды-аяу.  
Ол тиместей болып тұр,  
Кетірді гой сол күйді-аяу. (2 рет.)

**К о т і б а р**  
Не дейсін, Арыстанмен кім таласты,  
Созі мен Жетірудың кім таласты.  
Алмағың қайсы еді мұнысының,  
Сен бе едің шоши калар аяқ асты-аяу.

**А р ы с т а н**  
Әттең, дүнисе жалған ай нетер едім,  
Қолға Шолпан тисе де кетер едім.

**К е т і б а р**

Атадан тумай кеткір қайттім сені,  
Боларын мұндаі кесел мана білгем,  
Айманды аламын деп неге айтпайсын,  
Кетсемші әпремесем мүрдем, мүрдем.

**Ә л і б е к**

Ол таңдау ініңізде емес шыгар,  
Майданда Арыстанға мен де сынар.

**М а м а н**

Кім салды бұл саудаға қыздарымды,  
Жайым жоқ енді шыдар корлығын-ай.

**К о т і б а р**

Қаласам алғызармын таңдағанын,  
Күшіме ойың бар ма шыдайтұғын.  
Маман-ай, Маман-ай.

**М а м а н**

Әй Көтібар!  
Ойда ұлық, қырда қыруар малым бар,  
Ерегесте қарсыма менің шығып көр.  
Қырық кессе де қу кедейлік өлім бар,  
Сонау Обор,  
Катеринбор,  
Шытырма пор.  
Жагалай жатқан шаршар бар,  
Лықылдаған ұлық бар,  
Ол өрекпенді қоймасаң,  
Талтандаған шолаққа, кісендей кара құлып бар.

**К е т і б а р**

Солай ма, олай болса сертімді есіт,  
Жетіру құл етермін құлақ кесті,  
Қатын қып, қос қызыңды қолмен алам,  
Ордаңды ойрандармын астан-кестен,  
Сертімді ұмытпа.

**Х о р**

Жетіру, сөз шығардың бойыңа ерсі,  
Күтырган мына создің буын корші.  
Бара ма түлен түртіп, қайда кеттің,  
Кәнекей, білгенінді тағы терші,  
Болмаса шыдамасаң жайыңа өрші,

Базарда қойынды айдал, орысқа ерші,  
Сонда да қатуланып, шұбыртармын,  
Ер болсан осы сезге қолынды берші.  
Осы сезге қолың бер  
Кәне, шыдал көр  
Ер болсан осы сезге қолың бер.

#### Х о р

Шектіде бір кесел бар ерте қонған,  
Ол кесел кейде толып, кейде солған.  
Елеріп, құр шоқпармен тұлақ қағып,  
Арам тер әлін білмей әлек болған.  
Сол іспен адамың жок, сірә, онған,  
Көргені бос кезеуіл құрдым қолдан,  
құрдым қолдан.

#### Ә й е л д е р х о р ы

Сап-сап ерлер, сап ерлер, сабыр ерлер,  
Егес сезден түк шықпас жапқан ерлер.  
Ара ағайын тілейміз татулықты,  
Тәуір шырай, ортада ер.  
Қой қой, батыр, қой батыр, қойған батыр.  
Араздықты ортадан жойдым батыр.

Ер өлер егес арты деген сез бар,  
Абырой бермес ие, міне, жаңа жол кәпір,  
Қой, қой ерлер қой ерлер, сұраймыз,  
Қойындар ойбай, қойындар ойбай,  
Уа кордік, кордік, көрдік  
Коріп алдық шыға гой, шыға гой, қой.

#### А р ы с т а н д а р д ы н х о р ы

Асқақпын аса сөйлеп арындеймын  
Ұсынсаң қолың жетпес нарындеймын.  
Сасық бай, талай сендей көрмен пе едік  
Қалатын қарны езіліп, қару байдың,  
Дауылда шашып жанған жалындеймын,  
Дүндіктей тасты үйіткен ағындеймын  
Алып та шалып ұрам, соғам сонда,  
Сабусанып тоқымдығым сабылмаймын.  
Шабарым бәлем (3 рет.)

Дым қалдырмай шабарым-ай.

Ай көрдік, (3 рет.)

Көріп алдық

Шыға ғой (3 рет.)

### Х о р, Ә л і б е к ш і л е р

Құлақ сал, байлық та дәulet те мол,

Жеті рузың.

Қай Шекті қаруын көрді уыс толған,

Батыр деп, айдар тағып елерткенің,

Жем іздел күні, түні маңың толған.

Орысқа шабам (3 рет.)

Жайыңды табармыз бәлем

Уа, қыз жоқ саган. (2 рет.)

Саган жоқ, жоқ.

Ш ы м ы л д ы к

## II АКТ

### Екінші картина

Маманың ауылы. Түп. Ауыл үйқыда, саңнада күзеттегі қойшы.

#### Қ о й ш ы

Үйқыга енсек кетіп, талғаным-ай,  
Ку күзет ауыр азап салғаның-ай,  
Үры алсын, касқыр жесін байдын малын,  
Үйықтаймын, ие болсын қалғанын-ай.

#### Ж а р а с

Ай аттан, аттан қырылғыр,  
Қалтады жау, шапқалы жау.

#### Ә й е л х о р ы

Ойбай-ау ақыл-айла табар бар ма,  
Қолына қару ұстап шабар бар ма,  
Ұлардай бала шулап, көрі еңіреді,  
Тым құрса тығылатын орын бар ма,  
Куарған екі бәрі таласпай қал,  
Бірі өліп, бірі қалса обал бар ма.  
Қайтеміз, қайда барсак жан қалады,  
Шенгелді міне салды тап басып кеп.  
Айтып ек Көтібардан сақтансын деп,  
Ақыры болмады ғой құдайдың бүл полесі,  
Кой, бізге қалған, жан сауғала.

#### А й м а н

Жарас-ау, бүл сүмдыққа бар ма шара,  
Айтсанцы ақылынды күткаарлық.  
Байдан да, бақыланан да қылығы асқан,  
Жын күғын мынау болды жеке-дара.

#### Ш о л п а н

Ақ бетім неге тұрсың болмай қара,  
Болдық қой шын маскара, жатқа таба  
Кыз қылып қор еткенише дүшпанымса,  
Жұтпайды неге мені дәл осы ара.

#### Ө з б е к

Шөліндей Кербаланың ку жапанды,  
Тағдырым жеткенине сұбыхан алла.

Апажан, күтқара көр, қалым бітті,  
Қалар ма шыбын жаным өз пананда.

**Ж а р а с**

Жарас деп біл жалғыз-ақ жақыныңды,  
Аямайын мен білген ақылымды  
Не көрсек те будан соң бір көрейік,  
Күн тутан соң қайтеміз сапырынды.

**Ө з б е к**

Лаққаннан мен қайтемін,  
Қайтемін мен бишара.  
Ақылыннан маган қарас, Жарас ага,  
Жарас ага.

**Ж а р а с**

Ендеше, бері қара, сорлы бала,  
Құтқаар екеуіміздің бар ма шара.

**К е т і б а р**

Қоңыраулы наиза қолға алып,  
Қоңыр да салқын түске алып,  
Алысқаннан ес танып  
Ерте алсам кешке алып,  
Жыртпай қойман жағанды,  
Ол да құдай өлдім де,  
Оки бер қу дүғанды,  
Дүғанды оқы, өлер жерің осы  
Әпкел, әпкел енді қалғанды,  
Жалпағынаи, жалпағынаи жалпита,  
Басып, басып өткен жалғанды.  
Бір сен емес талайдан  
Басына өлек салғамды.  
Егесстін неме екен,  
Танытайын тәнірі ісін  
Қырқа отап сақалы,  
Сакалын, қоштас енді сақалмен.

**М а м а н**

Ку Көтібар, асарсын,  
Асарсын да тасарсын,  
Саған орай жалғыз-ақ,  
Корерсің сен қорлыкты,  
Басына ұлық салғанда.

**Арыстан**

Қой батыр, қой, қой батыр, мұны қойшы,  
Сорлыны қор етерсін шын арманда,

**Көтібар**

Келіпті берекелде, қос қыз саган Арыстан,  
Не дейсін, өкпең бар ма енді маган.

**Арыстан**

Ендеши, Айман қызды ап кетейін,  
Шолпаны қала қойсын біз алмаған.

**Көтібар**

Жап аузынды, жап,  
Ойбай-ай, жаман шартық не деп тұрсын,  
Қалдырсам Әлібекке құдай үрсын,  
Ой дүние-ай,  
Бесеуін алмас па едім сендей болсам.  
Қос қатын алалмасаң негып жұрсін,  
Ку шартық.

**Айман**

Рұқсат қыл ес жияйын,  
Жыламай козімнен де жас тияйын-алуай,  
Қайран ел сайдандаган қайран жұртым, қиясын.  
Не қып есім барда мен ұмытам-алуай,

**Арыстан**

Шолпан, жан, көп тартынба, тубі қайыр,  
Батырдың ашуына мен күймеймін.

**Шолпан**

Әрине, бар жазғаның ел шапқаның  
Жалғыз-ақ өлсем-дағы мен тимеймін.

**Шал**

Маманың дақ түссін деп досына да,  
Керуеннің қол жұмсадың қосына да.

**Өзбек**

Мен сәудегер катыны,  
Жоқ мен Маманың қатыны.

**Көтібар**

Қоргалама, үн шығарма аш козінді,  
Кімдердің қатынысың, айт созінді – ой дүние-ай.

**Жарас**

Көтеке, мен Маманың кемпірі едім,  
Қайтесін мен сиякты өлексені.

**Ш а л**

Шықпаса шыққыр көзім танып тұрмын,  
Толайым саудагердің қатыны осы.

**К е т і б а р**

Ал қайтадан тарт, ал енді.  
Келістіре жыр қылам.  
Егесетін бәлемді  
Осылай болар қайратым  
Тітіреткен өлемді.  
Бар өлемді күшім-ай.

**А й м а н**

Маман байдың қызы едім мыңды айдаған,  
Меруерт жалды боз жорға мен жайланаған...  
Толасы жоқ естілет еken даусы-ай,  
Аяқ қолы байлаулы Аймандаған –  
Жылама, бауырым, жылама,  
Жылағаннан не пайда,  
Тағдыр жазса осылай.

**Ш а л**

Тартындар бар олжаны тиеп алып.

**М а м а н**

Кетпестей таңба болды сүйегіме,  
Жан кетіп, сұлдер бітіп сорлағанда  
Шықсайышы, шыққыр көзім жылағанша,  
Ем болмас өлсіз жасты бұлағанша.  
Мам-Айманым айым,  
Шерлі Шолпаным айым  
Екеуінен айырылдық-ау.

**Ш ы м ы л д ы қ т ү с е д і.**

Айман-Шолпанның кетіп бара жатқан көрінісі.

**А й м а н**

Зар, зар ете кетейін қорлағасын  
Зар илемей нетейін шер толғасын  
Қандай ғана күн еді күніренген  
Кетібардай сүм еді түпке жеткен.  
Сабыр қыл, қозым, бауырым-ай,  
Қайғыңын көрдім ауырын-ай,  
Майысып ескен гул едің-ай,

Жіберді мұндаі дауылын-ай.  
Аямай өскен асылды-ай,  
Аямай қыршын жасынды-ай,  
Жылатса сертім алды мен-ай,  
Етейін құрбан басымды-ай.

**Х о р**

Ел шаптым деп бәскені,  
Егерде қылдым дескені,  
Енді де мәлім болды ғой.  
Тойлатқалы жур екені,  
Тойым сырда анау кексені,  
Қорда болмас тойлайық-ай,  
Дәрменімде жоқ неменің,  
Шошытпа, байды да ескені.

**Ұшінші картина**

**Х о р**

Найзага ер Көтекең ту байлаған,  
Асынып қару-жарақ қол сайлаған  
Жаратып тілін буып күрсінің  
Көріктіні күнікейдегі көп ойлаған-ай  
Тас қыран көздің құртын сүймейсің бе,  
Тобына кек ала үйрек тимейсің бе,  
Шаңытқан шұбыт кесте шапақ жатқан,  
Дабыл мен жез қанаттар шүймесін бе ...

**А й м а н**

Естімін өкем даусын Аймандаған,  
Зарлайды дәрмені жоқ сор қайнаған.  
Қайран анам.  
Естімін өкем даусын Аймандаған  
Күнім жоқ кешегідей жайрандаған,  
Қайран анам.  
Естімін өкем даусын Аймандаған,  
Кеселге душар болдық қол байлаған,  
Естілет өкем даусы,  
Естілет анам даусы,  
Естілет өкем даусы,  
Қалмад-ау баста бағаң,  
Зарлады-ау қайран анам.

### Ш о л п а н

Қор болған күнің адыра, шерлі Шолпан,  
Өмірден өлі бар ма алар қолқан, шерлі Шолпан.  
Қор болған күнің адыра, шерлі Шолпан,  
Жас дәурен астан-кестен болды талқан  
Қор болған күнің адыра, шерлі Шолпан.  
Бұл жолда күйік болған, шерлі Шолпан,  
Қор болдың, күң болдың, қор болдың.  
Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан,  
Зорлыққа айла таптай болдың сарсан.

### А й м а н

Маман байдың қызы едім мыңды айдаған  
Кең дүниені қөңілді ен жайлаған.  
Сөн түзеген өн шырқап, егіз ерке,  
Шаттықпенен сауықпен той тойлаған  
Қайран елім, қайдасың,  
Намыс құрып, намыс қуып айыратын қайда ерің.

### Ш о л п а н

Маман байдың қызымын  
Дүниені ен жайлаған, ен жайлаған.  
Қайран күнің қайда сенің  
Намыс қуып, айырган қайратты ерің  
(дуэт)

### А й м а н

Естімін өкем даусын Аймандаған,  
Пайда жоқ құр жылаудан бай-байлаған.  
Кетпейді құлағымнан  
Зарлаған анам даусы.  
Естілет өкем даусы,  
Естілет анам даусы.  
Естілет елім даусы,  
Естілет желім даусы.

### Ш о л п а н

Қор болған күнім адыра, тұтқын Шолпан,  
Егеспен ырыққа көнбес тағы тарпаң.  
Үзіп көр шамаң келсе, шырмалған мына торды,  
Қор болдым тұтқында  
Қор болдым тұтқында.  
Көнбеспін мың шапса да неге қорқам  
Жендім деп босадағы батыр балпаң.

### Ж а р а с

Көрінде өкір Көтібар, өл де маган,  
Жетпегені ендігі сол ғой саган.  
Тартарсың-ау сазайын бұл жорықтың  
Аман кетпес жыртылмай көрі жаған,  
Обалы жібермес  
Айман мен Шолпанның.  
Кәрі бура күлге аунап тасады ғой,  
Лекілдеп көбігін де шашады ғой,  
Іншалла рақым етпес сонда-дағы  
Дізерлеп шебер қолдар басады ғой.  
Ойнаса көрі түйе жұт болады  
Балалар, бері қара  
Табалық бір айла,  
Бірігіп алдайық  
Ку шалды.  
Меніменен байбатша,  
Киінелік қыз болып,  
Сендер кемпір болып,  
Ауыстырып киелік  
Сендердегі киімді.  
Біздегіні сендер ки,  
Біз қыз болайық,  
Көтібардың алдында  
Сендерді қайтар деп,  
Байбатша екеуміз  
Жылалық жүріндер, жүріндер-ау.

### Т е н г е

Сеніп журсек кетті деп елді шаба,  
Қалыпты ғой шырмалып қызды таба.  
Жасанған жау дегені қайнаган қыз  
Қайтып тұрам қызғанбай, құдай тоба.

Бере алмаслын  
Байды қолдан.

### Ж а р а с

Осы Тенге танып тұрмын.

### А й м а н

Күрбылар, сергелдең бар сейіл де бар,  
Батырда бізге деген пейіл де бар.

Қызықтың бәрі тамам болды деме,  
Бұрынғы көрген дәурен кейін де бар.

Т е н г е

Жапанда сұлу көрдім құрбым сіздей,  
Немене жүремісің қызық іздей,  
Тенгедей батыр да бар аю тоқал  
Жүрмесін босағадан ол кіргізбей.

А й м а н, Ш о л п а н (дуэт)

Төсектен ер торықса болар жүздей,  
Қызыққан сұлуларын тұрмас тізбей.  
Тенге деп Көтекенен құр қалам ба,  
Тоқал бол тиғендер де болар біздей.  
Айман, Шолпан Ақау батыр қашық  
Жurmız сасып.

Ж а р а с, Θ з б е к

Жүрмендер Көтекенді (2-рет.)  
Тастай қашып.

Т е н г е

Шыны бар ғой сүйтетін  
Келе жатыр өсі де  
Бөгеместен байқайын  
Аймаласын бикешін.

Ж а р а с

Құлаққа салышы, батырым.

Θ з б е к

Біздей де тұтқын зарына,  
Бізді алып қал да босатыны.  
Шешемізді де ауылға-ай,  
Кепілде болып орнына  
Қыздары қалса,  
Қыздары қалса арман жоқ.  
Қабылдан көрсөн батырым  
Басқа да айттар қолқа жоқ.

К е т і б а р

Уа, ақша бет Айман  
Уа, қайран дүние жалған!  
Ақ жүзінді көрсетші  
Мен де сен деп бет алған,  
Ақша мандай қасын-ай,  
Түймедей болған басын-ай,

Қырлы мұрын көрінді,  
Әдемі мәлдір көзін-ай!

Мұрты бар ма, сүмдық-ай!

Арыстан, Шал

Мұрты бар ғой сүмдық-ай,

Сен кім едің, сұалған.

Көтібар

Сен неге қатын болмай, болдың ерек,

Қызығым осы ма еді сені көрмек.

Қарагым, Айманжаным, қайтины райдан,

Жаратқан айналайын бір күдайдан.

Тап қылған сені маган құдайым шығар,

Сескенбес кез келді дең өлде қайдан,

Сақалын-ай, сүмдық-ай.

Арыстан, Шал

Сақалын ай, сүмдық ай!

Мұрты да бар, сақал да.

Көтібар

Қыз емес қыз дегениң бәрі азбан,

Ойбай-ау, жерім бар ма саган жазған.

Арыстан

Екеуі де айтыр болды.

Айман

Батыр-ай, менің қанша жазығым бар,

Алдына иба қылғып келуімнің

Зөрінді шаштын, бетімді аштын.

Көтібар

Қап болмас орайы бар ашуымның,

Себепкер езің болдың қашуымның.

Шолпан ғой мына қалған аймалайын

Осыны тым болмаса аймалайын.

Уа, ақша бет Шолпан-ай,

Уа, қайран дүние жалған ай.

Тенге

Сап батыр, қыздан бұрын мені жайла

Бұл қызды мен аламын көнбесең

Көріл алам күшің сайла, күшің сайла!

Жарас

Өзіне, күшіне де сенген ер ғой,

Болмаса дәл осылай демес еді.

**К е т і б а р**

Бұл ер бол, жер бол қалар мен сонда  
Қайтпек ең тис қалса қыздар қолга.

**Т е н г е**

Алам ба, қайтарам ба ерік менде.

**К е т і б а р**

Жә, жетті тентіремей кет жөніңе.

**Т е н г е**

Ендеше, алысамын шық далага.

**К о т і б а р**

Шыға ғой сыбағанды мен берейін.

**Ж а р а с**

Ай, майдандаспа қос батыр,  
Жиналындар, көз салындар!

**К е т і б а р**

Тенге, ку Тенге.

**Ж а р а с**

Амансың, женеше, мал басыныз аман ба?

**А й м а н , Ш о л п а н**

Есенсіз бе, құдаги, мал басыныз аман ба?

**А р ы с т а н , Ш а л**

Қайдан жүрсің, сен Тенге, ауыл-аймақ аман ба?

**Ө з б е к**

Амансың ба, құдаги, мал басыныз аман ба?

**Т е н г е**

Шүкір-шүкір.

**Ж а р а с Ж ақсы.**

**К е т і б а р**

Сонда да алмай қойман Айманды мен,  
Көнілім Айман қызға кетті мұлдем.

**А р ы с т а н**

Мен қайтем сен алғанда таңдағанды,  
Қойсанцы жалғыз өзің жалмағанды.

**К е т і б а р**

Тәйт арман ат иесі алға мінет,  
Алатын Котібардан жолды кім еді.

**Ш а л**

Ақ сейле, өуелі оз құшагын толатынды.

**А р ы с т а н ж а қ х о р ы**

Моссаған бұдағы бәрекелде билік екен  
Байқасақ, кімнен кем біз де жауга тидік екен.

— — — — —

Әуелі алысқан Көтібар деп аттанғанбыз,  
Көрдің бе, қарайгөр жас жауқазын көк немене.  
Қыздар да тандаған жол Арыстанға тиу керек.  
Басында болмаса неге сауыт кидік екен.  
Шіріктей, көжедей боп, біз деген шөп немені,  
Өліп кет тассыз тандаған батыр алар  
(*Барлығы дүэтпен айтылады.*)

Көтібап Шулама өңшең шиебөрі,  
Тыңдамаймын сөзінді.  
Асыл қызды алам деп,  
Шын сермедім қолымды.  
Ондысын өзім аламын,  
Ондысын өзім аламын.

Өзбек Бұл не деген заман-ай,  
Не пәлеге кездестім  
Осыдан құтылып,  
Аман шықсақ болар еді,  
Бұл пәледен аман шық.

Ш о л п а н  
Бұл не деген заман,  
Қандай бұзық адам.  
Қор болдым тұтқында  
Шерлі Шолпан, бітті үнің,  
Бұл не деген күн болды.

Генге  
Өлсем, өлдім, өлмесем  
Алдырмаспын Айманды.  
Айланы жұмсармын,  
Буйыртпаспын сен кү шалға.

Пал  
ламыз таңдаған қызды  
Кызды аламыз.

Х о р  
Таласуды қойындар,  
Жат ой болса қойындар.  
Екі қызды бөліп ап,  
Татуласып қойындар,  
Екі батыр.

ШЫМЫЛДЫК

### III АКТ

#### Төртінші картина

Кетібардың ауылы салтанатты үйлер. Кетібар ортада, жанында шал, масаттанып өлең айтады.

К е т і б а р Маманның қолымда отыр балдырғаны,  
Тал бойын талайлардың талдырғаны.  
Отыз күн міне бүгін өтіп барад  
Қамығып қам көнілдің қандырғалы.  
(*Күледі.*)

Ш а л

Қырқылжың бұған дейін алдырмады,  
Құйрығын қызылдағы шалдырмады.  
Зар күйін енді соғып көрің отыр,  
Тепсініп тегеуірін салдырлады.  
(*Дуэт.*)

К е т і б а р

Сорлы үнім енді ғана саңғырлады,  
Тойатқа айдай Айман ілінем деп,  
Көнілде арман, сірә, қалдырмады.  
Бөгеттің бүгін бәрін үйіп-төгіп.

Ш а л

Қыранның ашыны дабылы даңдырлады,  
Жаман жан жете алмаған жалбырлады.  
Бөгеттің бәрін бүгін үйіп-төгіп,  
Еңбегін көріп отыр жандырғалы.

К е т і б а р

Еңбегін көріп отыр жандырғалы.

Ш а л Жаман жау жаяулаған жалбырлады.

К е т і б а р

Жаман жау жете алмаған жабырлады,  
Тоқал да қу шолағын шандырлады.

Ш а л

Тоқал да қу шолағын шандырлады.

К е т і б а р

Бөгеттің бәрін бүгін үйіп-төгіп.

Ш а л Бөгеттің бәрін бүгін үйіп-төгіп

**Ш а л**

— Қайран ерім,  
Токтай қалшы батыр-ай,  
Қаптаган мынау неткен қол.

**К е т і б а р**

Алып жүр ғой үрейді,  
Шақырып білсін біреуді.

**Ш а л**

Ойбай, батыр, қамын қыл,  
Күгін жеткен сүренді.

**К е т і б а р**

Тарт, ендеше, тезірек  
Белдеуде тұрған күренді.

**А р ы с т а н**

Кордің бе мына жауды құдай атқан,  
Жоқ екен шоқпарымның дәмін татқан.  
Кигізем ерегессем қызыл тақия.  
Ұстандар Әлібекті.

**Х о р (Сырттан)**

Аттан, аттан, аттан!

**А р ы с т а н**

Бейне бір тасқындаій бол аққан селдің,  
Мұншама қолды жиып неге келдің.

**Ә л і б е к**

Келемін жесір іздел қорқамын ба,  
Мен-дағы баласымын іргелі елдің.

**А р ы с т а н**

Қай қызда ниетің бар сенің алмақ.

**Ә л і б е к**

Қайсысын қалдырып ең маған арнап,  
Айман айым-ай, күнім денің сау ма.  
Ақшабағым, шырмалған қинауға,  
Айман-ау, қарағым, сөүлем-ай.

**А й м а н**

Болғаны рас көп күндер кеткеніме,  
Әлде болса ризамын жеткеніце.

**Ш о л п а н**

Мал құтырар қырсығып, өршеленіп,  
Соның үшін қын жол шеккеніме.

**Е к е у і қ о с ы л ы п**

Айтайын десек көрген көй,  
Айтқан менде қанша сеп,  
Көрінгенге болдық кеп.

**Т е н ғ е**

Келісіндер алдымен есебін тап,  
Батыр жатыр болмаса өлегін сап,  
Әлібек, таста босқа егеспе,  
Бос егестен не пайды, мырза-ау,  
Арандасып бейбіт ел қырылдың-ау,  
Ол құтырып кеткен соң, қару жұмсал  
Арыстан, сен де босқа қарыспа,  
Босқа шықпа жарысқа, қайнам-ау.

**А й м а н**

Ендеше, екеуің де келісті деп,  
Қояйын қолдарынан қаруды алыш,  
соқтығады сонда кімге.

**А р ы с т а н**

Айман қыз, мені тастап кете алмассын,  
Софыста күші мәлім біздің қолдың.

**Ә л і б е к**

Айманды өлсем-дағы қалдырmasпын.  
Осы сөз кесір сөзім мен де болдым.

**Ш о л п а н**

Мен қалайша есіңе алынбаймын,  
Арам тер боп, кеп сейлеп салынбаймын.  
Сендер қалар соғыссанаң, мұнда қыз жоқ,  
Бақсы бол кет үтырда жалынбаймын сендерге.

**А р ы с т а н**

Ендеше, Жарас айтсын ара ағайын.

**Ә л і б е к**

Не десе құлдық Жарас мен көнегін.

**А й м а н, Ш о л п а н**

Айт Жарас, сениң сөзің кетпес бекер.

**Ж а р а с**

Жеткен жоқ па жұртым-ау, бұл селебе.  
Істі берсең қайтеді жол келеге.  
Өз аулынан, Маманның өз қолынан,

Тақияңа қыз алсан тар келе ме.  
Шырқатып жасау мен,  
Қыз алсан қайныңан.  
Тағы да тағы айтайын бір кеңесті.  
Бұл жерде қыздар тұрса жан келмес те,  
Тезінен Айман-Шолпан қайтсын елге.  
Бүйірган несібені жат жеместі.  
Жөнелсін, көп тұрмасын тез жөнелсін,  
Әлібек артынан әскерімен.  
Жау жетсе бөге — ол өтсін,  
Ал аулынан Маманның  
Оз қолынан қыздарын,  
Осыменен тас құрсау,  
Үзіледі быт-шыт бол.  
Бір буын бол артынан  
Біз де барамыз.  
Батырды енді алдайық,  
Еш нерсе сезбеген адам бол,  
Жан-жаққа тезірек тарайық.  
Жан жаққа іздеген қып, жұртты тарат,  
Үйқыга жәй кетсін жайбаракат.

#### К ө т і б а р

Мені күнп көрссті келетін кім,  
Әбігерді, әлекті салатын кім.  
Ат сыйнатып ауылым селдей болып,  
Қызды қолдан алатын кім.

#### Ж а р а с

Іздегенмен қыздар жоқ табалмадым,  
Хабарына не болған қана алмадым.  
Жер жұтты ма қашты ма сілем құрып,  
Бір оқ терең жығылдым, батырым, табалмадым.

#### К ө т і б а р

Аттан, Арыстан, аттан,  
Мұнау сұмырай не дейді, иені айтады,  
Қадиқаны гой күтылам деп қу байтал, қап бәлем,  
Жау әкетісті қу ойбай, ұшқын байдан.  
Жын-сайтанын жерге тық, қайтар ойбай сүм қыздар.

#### А р ы с т а н

Қараашы мына жауды құдай атқан,

Жоқ екен шоқпарымның дәмін татқан  
Кигізем қызыл тақия алысымын,  
Үстандар Әлібекті.

Х о р

Аттан, аттан, аттан.

К е т і б а р

Тенге, ку Тенге, сен қайда барасын?

Т е н г е

Тұрам ба ел шабылып, ерге болса,  
Жуамын соққы жермін өзер болса.

Ш а л

Қайдасың сабың түзе, сайланып шап,  
Қайдасың, намысын қуған кәрі аруақ.

Х о р

Кекжалдан көбік атып шықсын былай.  
Кек тұлпар беті қалай келбей шабар.  
Құрулы мылтық болсын құрсаулы жау.  
Қолдай көр өк дегенде Орақ, Мамай.  
Тұсірген шекесінен жауды талай,  
Қасқа азбан томага көз шапсын қамай,  
Қанішер қайқы болат кезің келді  
Қылқимас қақалмай шап, жалмай, жалмай.  
Кетібар – Қоңыраулы найза қолға алып,  
Қоңыр да салқын төске алып,  
Жыртпай қойман жағанды,  
Ол да тәңірім өлгенде,  
Оқи бер қу дұғанды, дұғанды.  
Оқы, өлер жерің осы.

Ж а р а с

Ах, жетейін енді жылдам, Маман сорға,  
Киліккен өзінен де күші зорға.  
Сорлыға, өй сорлы-ай,  
Арттан қуып қырға түрер,  
Басып озып, мен барайын.  
Мен разымын өзіме,  
Күндей бәрі сөзіме  
Айман-Шолпан аман қалса,  
Жеткенім ғой сөзіме.

Ш ы м ы л д ы к

### **Бесінші картина**

Бірінші актінің музыкасы ойналып жатады. Сахнадан үпсіз алымен Айман, Шолпан, қыз-келіншектер, Арыстан, Әлібек кітттермен Теңге, Жарас, Көтібар шалдармен өтіп жатады. Бірінші кутган түрде.

2-ші шымылдық ашылғанда Маман байдың аулы, сахнада Жарас.

#### **К а р а с**

Қайдасың балаларың қайтты, Маман,  
Қырсық жол осыменен болар тамам.  
Ойнақ сал, күле жайнап міне келді.  
Көргенді көп айтуга тілім шабан,  
Түрі жаман қу шалдың,  
Қорлық жоқ біз көрмеген.  
Жақсы еken тек өлмеген.  
Кок азу Котібардан есен-аман,  
Құтылдық, бірақ әлі түрі жаман.  
Қалғанда орнын сипай жер тепкілеп,  
Деп жатты әл-де болса қайта шабам.  
Әрең тындау қырсық жәй.  
Қорлық жоқ біз көрмеген,  
Жақсы еken тек өлмеген.

#### **Ж а р а с**

Доста кісім қол қолда жалқы Жарас,  
Қарыздармын, амандығым көмегіне,  
Жарас-ау, береміз ерік өзіңе  
Көнеміз өзің сезіңе.  
Асыл аға, Жарас-ау,  
Айтпаймыз мұны көзіңе.

#### **Ш о л п а н**

Өтілместен Жарастан жатқа барман,  
Бүйрыгына не десе басым сауда.  
Женгеніңе Жарас-ау,  
Көнеміз өзің сезіңе,  
Береміз ерік өзіңе  
Асыл аға, мұны көзіңе.

### М а м а н

Қуанды анаң көңілі-ай туып.  
Іштегі қайғы жердің дертін қуып.  
Қуанышым, көз жаңарым сен екенсін,  
Болғанда төрімнен де көрім жуық.  
Батты ғой деп ай-күнім.  
Өшкен еді-ай үнім,  
Қол келдің ғой қос гүлім.

### Ә л і б е к

Батыр мырза, жол болсын.

### А р ы с т а н

Жол қылмақ сізден болсын.

### Ә л і б е к

Мәссаған мен де өзіңдей жолаушы,  
Жол қылмақ бізде неден болсын.

### М а м а н

Қалып ек, ку өмірден көңілім сұып,  
Оңалдым батыр кеткен күнім туып  
Баламның осы айтады бекем буып.  
Жақып шықты жер астынан.

### А й м а н

Өзің айт не десен де бар билікті,  
Ерікті бізге тиғен саған бердік.  
Қадырлы аға.  
Көнеміз не десен де жол сенікі,  
Үйде де, тұзде де өзінде ерік.  
Қымбатты аға  
Алдияр дегеніңе, Жарас аға.  
Жөн білген билігіңе таласа ма,  
Жарас-ая.

### А й м а н, Ш о л п а н

Бір сенің еңбегіңмен естен кетпек,  
Тас есік қамап алған тар бождағы.

### Ж а р а с

Жетіскен кім бар екен Жарастайын,  
Алыпты бір жағына Аймантайын,  
Қос қалқа асылыпты екі жақтан,

Алмайтын еркі барма Шолпантайым.  
Тақсырдың тайталасқан жерін қара.  
Қор болған жерің болса тап осы ара.  
Егескен есі шығып кете барып,  
Болыпты жан қуалап қас масқара,  
Тең болмай қалғанын көр Жараспенен,  
Айрылды қос қалқадан таласпенен.  
Қоям ба өзім алмай ай-күнімді.  
Оларға кім бар екен талас деген.  
Жетісken кім бар екен Жарастайын,  
Алмайтын еркі бар ма Шолпантайың.  
Қос қалқа асылыпты екі жақтан,  
Алыпты бір жағына Айманайын,  
Бір Айман, бір Шолпаным егіз ерке,  
Мен-дағы екеуің деп сарғайғанмын.

#### Әлібек

Қорлық-ай неткен қорлық, жаратқан-ай,  
Арыстан құрысын асқақ батыр атағым да,  
Жүріппін мен жақсы деп күр шүкірмен.  
Байлығым құрып қалсын бу бітірген.

#### Арыстан

Қос қызды бір Жарасқа қаратқаны-ай,  
Бізден де Жарасты артық санатқаны-ай.

#### Әлібек

Жарас-ай, тым болмаса бірін берші,  
Озінжен артылғанға жол менікі.

#### Жарас. Ж - о - к.

#### Арыстан

Әттең, дүние жалған-ай,  
Қалғаны маган тисе де,  
Қалмас еді арманым-ай.

#### Жарас

Егестен есер көніл қалысқанда,  
Жай білген жақын абзал алыстан да.  
Сонымен Шолпанымды Өлібекке,  
Бүйірдым Айманымды жастар-ау, Арыстанга.

**А р ы с т а н**

Айналдым ақылыңнан, Жарасым-ай,  
Не дейін дән разымын аузыңа май.

**Ә л і б е к**

Алмаймын, керегі жоқ Шолпаныңның,  
Бітім жоқ, тоймапсың ғой шабысқанға.

**Ш о л и а н**

Сен осы қайдан шыққан сер немесің,  
Ел консе, сен көнбейтін ер немесің.  
Кемітер Шолпан басын мәнді айтсы,  
Зор көрдің тақияңа неменесің.

**А й м а н**

Білдірсөнші, Жарас-ay,  
Болмаса ана жігіттің,  
Жетіп түр толғағы.

**Ж а р а с**

Уай, жігітім, жәнінді айтсы,  
Осында тұрган қайсы сұлу,  
Таныр мекен шыққыр көзің  
Асқақ астая аңғал сөзің.  
Кемітесің қай баласың,  
Мен айтайын бермен қара,  
Әлі күнге қай таласың,  
Айманымды сен де аласың,  
Анау Айман оған болса,  
Мынау Айман саған болсын.

**Ә л і б е к**

Мен ырза, не қыласың оңалды жол,  
Әүелден құштар болған Айманым сол.

**Ж а р а с**

Ал енді бата сүрай сізге келсін.  
Қос күйеу тәжім етсін бата сүрай.

**М а м а н**

Айман-Шолпан қос еркем,  
Бейнет шегін жол көрсөң,  
Тағы тартты бір мекен,

Аруақ қабыл көрсө екен,  
Аллаһу акбар.

**К ө т і б а р**

Бата не бата?

**Т еңг е**

Шалым-ау, жөнінді айтайын олай болса,  
Бекер-ақ шауыпсың ғой өктеп сонша,  
Алдында қос күйеу түр татуласып,  
Құдасың, сен де разы жолың жолша.

**К ө т і б а р**

Не дейді тоба,  
Шабармын оза,  
Құдая тоба.  
Ж – о – қ.

**А й м а н**

Оң қара, Көтеке.

**К ө т і б а р**

Ж-о-қ.  
Уа, жоғал қу сирақ  
Қу шұнақ.

**Ш о л п а н**

Мың асқанға сауал бар, бір тосқандай,  
Жер мен көкті қыс бен жаз кім қосқандай.  
Көдір білсек, көрі ата, кел, тоқталық,  
Шешілер тіл болмаса шын жасқанбай.  
Не күн жетті сіз тоқтарлық,  
Шектіде азап көп зорлық  
Тілек қыпты барлық халық,  
Мезгіл жетті сіз тоқтарлық.  
Құдер үзген абзалды,  
Мезгіл жетті тоқтарлық.

**Х о р**

Ал сап батыр, сап батыр,  
Батыр едің де қатыр.  
Бойға мін, басқа пәле боп,  
Тосқан кезің осы ақыр.  
Өтер білген өктемес,  
Өшкен жанбас, бұл бақыр,  
Бір талай күндер өтті белде, белде,

Қорқып ек қалмай біздің елде,  
Бір Көтібар, бір Маман кездесіпсің,  
Осыменен тыным тап, бәрекелде.  
Жалғыз-ақ бұл береке ұзақ болсын,  
Тобыңа біз де келдік орта толсын.  
Бас сырықтан мал құрық аман болып,  
Дегендерің түрт шайтан көңілі солсын.

К е т і б а р

Сен Шемекей келдің бе, тағы қаулаш.  
Сенен шыққан бар пәле жоғал аулақ, Аулак,

Ж а р а с

Табысқанда бай мен батыр,  
Барлық сұлу сонда жатыр,  
Тілемей ақ тілектерін,  
Жәніңде тарт өңшең бақыр.  
Сергелдең ел басына салған байлар,  
Көргенде мінезінді зығыр қайнар,  
Егер қып елді шаптың, пәле жалтың.  
Айыпсыз балаларга шектің айбар,  
*Қайтармасы.*  
Қиналды арам тер боп, құлын тайлар.  
Куә боп қылғыңа қалды сайлар,  
Кесті деп пысқырган ит тұрсықтарын.  
Сендерге кейінгі үрпақ тақсын айбар.

Х о р

Ертеңді-кеш таласқан,  
Шоқпар соыйл сабасқан,  
Телі тентек сыйың сол,  
Кет садаға Жарастан.

Ә л і б е қ

Біз бағындық Жараска,

Е р к е к т е р

Ел думаны Жараста.

Б ә р і

Бақытты бұл Жарас,  
Ақылды аға.  
Сенсің жалғыз Жарас,  
Жарас (2 рет.)  
Асылдан.

**X o p**

Ай, Маман-ая, байдың тойы бар.

**Ж а р а с**

Елді жиган құрган думан.

Жиналындар-ай.

**А р ы с т а н , Ө л i б е к**

Жә, солай болсын тойлайық,

Енді ойнайық гүл жайнайық.

Келе берсін-ай.

**А й м а н , Ш о л п а н**

Ал шақыр келсін халайық,

Шаттанайық өн салайық.

Сый болындар-ай.

**Т еңг e , К e т i б a r , M a m a n -**

Ай, амал барма қайтеміз,

Енді не бар бөгет болар,

Тойлай берсін-ай.

**Ш y м y л d y k**

С о н ы.